

Бермухамбетова Ботагөз Булатовнаның
«Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің
құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары»
тақырыбындағы докторлық диссертациясына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Қазіргі кезеңде техникалық факультет студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі білім беру жүйесінің стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде айқындалып отыр. Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қағидаларын нығайту, академиялық адалдық мәдениетін орнықтыру және болашақ мамандардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін арттыру қажеттілігі аталған зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі күшейтеді. Әсіресе, цифрлық трансформация жағдайында құқықтық білім мен құзыреттілікті жүйелі әрі ғылыми негізделген педагогикалық шарттар арқылы қалыптастыру – кәсіби даярлық сапасын арттырудың, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, Бермухамбетова Ботагөз Булатовнаның «Жоғарғы оқу орындарында техникалық факультеті студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы докторлық диссертациясы қазіргі педагогика ғылымы мен жоғары білім беру практикасының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған, ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан құнды зерттеу жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмыста жоғары оқу орындарындағы техникалық бағыттағы студенттердің құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері жан-жақты талданып, оның мазмұндық құрылымы, компоненттері мен деңгейлері ғылыми тұрғыда негізделген. Автор отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді терең әрі сыни тұрғыда саралай отырып, зерттеліп отырған мәселенің қазіргі жағдайын жүйелі түрде ашып көрсеткен. Сонымен қатар, құқықтық білім берудің мазмұны, әдістері мен ұйымдастыру формалары кешенді түрде қарастырылып, оларды жетілдірудің ғылыми негізделген жолдары ұсынылған.

Зерттеуде құқықтық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттары айқындалып, оларды білім беру үдерісіне енгізудің моделі әзірленген. Ұсынылған модельдің құрылымдық тұтастығы, логикалық жүйелілігі және тәжірибелік сынақтан өткізілуі жұмыстың ғылыми негізділігін және нәтижелерінің сенімділігін дәлелдейді. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс нәтижелері ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін көрсетіп, оның білім беру практикасына енгізуге толықтай жарамды екенін айқындайды.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы – техникалық мамандық студенттерінің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттардың жүйелі түрде негізделуімен, авторлық модель мен әдістемелік қамтамасыз етудің әзірленуімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері

теориялық тұрғыдан педагогика ғылымының дамуына үлес қосса, практикалық тұрғыдан жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге нақты мүмкіндік береді.

Жұмыстың құрылымы мен мазмұны қойылатын ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді, тұжырымдары дәйекті, нәтижелері жеткілікті деңгейде дәлелденген. Автордың ғылыми ізденісі, зерттеу әдістерін орынды тандауы, алынған деректерді терең талдауы мен жүйелеуі оның жоғары ғылыми мәдениетін және зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасқанын көрсетеді.

Алынған зерттеу нәтижелері теориялық және практикалық маңызға ие. Олар он үш (13) басылымда, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған мақалалар мен басылымдарда, нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық Scopus дерекқорына кіретін журналдағы мақалада, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарындағы, оқу-әдістемелік жинақтардағы және электрондық оқулықтардағы мақалаларда көрініс тапты.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Бермухамбетова Ботагоз Булатовнаның диссертациялық жұмысы докторлық ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және автор аталған ғылыми дәрежені алуға әбден лайық деп есептеймін.

Инжиниринг және азық-түлік технологиялар институтының ғылыми кеңесші, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

 **Мусалимов Т.К.**

